

Белсенді туберкулезben ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Қағидасы туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 9 шілдедегі N 114/18-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 15 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 540 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «Ережесі», «Ереже», «Ереженің», «Ережеге» деген сөздер «Қағидасы», «Қағида», «Қағиданың», «Қағидаға» деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 225/31-V (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексіне және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Заңының 8 бабына сәйкес **Астана қаласының мәслихаты ШЕШІТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 249/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

1. Қоса берілген белсенді туберкулезben ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) бекітілсін.

2. 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін Қағиданың 6 тармағының 2) тармақшасынан басқа, осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

**Астана
мәслихатының сессия төрағасы**

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы

**Астана
2008**

жылғы

**Астана
С.Богатырев**

B.Редкокашин

**қаласы
09**

**мәслихатының
шілдедегі**

бекітілген

Белсенді туберкулезben ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету қағидасы

Осы белсенді туберкулезben ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету қағидасы белсенді туберкулезben ауыратын азаматтарды әлеуметтік қолдаудың бір түрі болып табылады.

1. Жалпы қағидалар

1. Белсенді туберкулезben ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек (бұдан әрі - Әлеуметтік көмек) "Астана қаласының Туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі - Туберкулезге қарсы диспансер) диспансерлік есепте тұратын, Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын а зам ат та рғ а б е р і л е д і .

Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі мен түрлері осы Қағидамен белгіленеді.

Ескерту. Өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2010.12.13 N 411/54-IV (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады)
Шешімімен.

2. Астана қаласының бюджеті Әлеуметтік көмекті қаржыландырудың көзі болып табылады.

3. Әлеуметтік көмек әкімшісі "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Әкімші) болып табылатын және осы мақсатқа қала бюджетінде қарастырылған қаражаттар шегінде тиісті қаржылық жылға "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасына сәйкес (бұдан әрі - Бағдарлама) беріледі.

4. Әкімші бағдарламаны іске асыру мақсатында мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларға сәйкес Әлеуметтік көмек көрсетудің түрлері бойынша қызмет жеткізушилерді (бұдан әрі - Жеткізушилер) анықтайды, тараптардың міндеттері мен оларды орындаудың шарттары айтылатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалады.

5. Әлеуметтік көмекті беру Әлеуметтік көмек алушы Астана қаласында тіркеуден шыққан жағдайда немесе қайтыс болғанда осы айғақтар анықталған айдан бастап тоқтатылады.

2. Әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібі

6. Әлеуметтік көмек:

1) қалалық жолаушылар көлігінде белгіленген үлгідегі ай сайынғы жол журу билеттері (бұдан әрі - жол журу билеті):

2) азық-түлік жиынтығымен қамтамасыз ету түрінде ұсынылады.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін Туберкулезге қарсы диспансері ай сайын көмектің түрін көрсетіп Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың тізімін (бұдан әрі - Тізім) жасайды.

Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтар деп Астана қаласының Туберкулезге қарсы диспансерінде диспансерлік есепте тұрған және амбулаторлық емделудегі азаматтар деп танылсын.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 249/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.05.28 N 357/48-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.12.13 N 411/54-IV (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қантардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Шешімдерімен.

8. алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2009.09.18 N 249/38-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

9. Әкімші "Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен Туберкулезге қарсы диспансерімен бірлесіп жыл сайын Әлеуметтік көмек көрсету үшін азық-түлік жиынтығының тізімін жасайды.

10. Туберкулезге қарсы диспансер ай сайын 1-не дейін Жеткізушілерден жол журу билеттері мен азық-түлік жиынтығын қабылдауды жүзеге асырады.

11. Жол журу билеттері мен азық-түлік жиынтығын беру Тізімге сәйкес ай сайын әр айдың 3-нен кешіктірмей алушының жеке қолымен Туберкулезге қарсы диспансері жүзеге асырады.

12. Егер Тізімге енгізілген Әлеуметтік көмек алушы дәлелді себептер бойынша ағымдағы жылы Әлеуметтік көмекті алмаған жағдайда, Әлеуметтік көмек келесі айда беріледі.

13. Әлеуметтік көмек алушы жол журу билетін жоғалтқан жағдайда, Туберкулезге қарсы диспансері тиісті акті жасап, оның көшірмесін әкімшіге ұсынады.

14. Пайдаланған жол журу билеттері үш жыл ішінде Туберкулезге қарсы диспансер де сақталады.

15. Туберкулезге қарсы диспансері ай сайын есепті келесі айдың 3-не дейін Әкімшіге Денсаулық сақтау басқармасымен келісілген, алушының тегі, аты, әкесінің атын, жеке күелігінің (паспорттың) нөмірін, тіркелімі және нақты түрліп

жатқан жері бойынша мекен-жайын, байланыс телефонын, пайдаланған жол жүру билетінің нөмірі мен Әлеуметтік көмек алу туралы белгісін көрсетіп Әлеуметтік көмек алушылардың тізімін ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК